

ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ RELEVANT ISSUES OF LITERATURE STUDY

Ғылыми мақала
ХҒТАР 17.01.11
ӘОЖ 82.091

<https://doi.org/10.31489/2025Ph3/184-194>

Мақаланың редакцияға түскен күні: 10.04.2025 ж.
Қабылданған күні: 05.06.2025 ж.

Л.М. Демесинова^{1*}, Е.Б. Сұлтан²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Абай академиясы»
ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан;
(E-mail: lmдемессин@gmail.com)

²А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан
sultan_esbol@mail.ru

Бөрі архетипінің қазіргі қазақ прозасындағы трансформациясы

Жаһандану талаптарына сай ұлттық этномәдени архетиптерді қайта саралауда психоаналитикалық зерттеулер жүргізу, көркем шығармашылықтағы автор мен ұжымдық бейсаналыққа үнілу, сол арқылы ұлттық болмысты жоғалтпау мәселесін архетип әдеби сын тұрғысынан зерттеу бүгінде өзекті тақырыптардың бірі. Зерттеу барысында этномәдени архетипке жататын тотемдік ұғымдар туралы қазақ және әлем әдебиетіндегі көркем мәтіндерді салыстыру мен әлем мифологиясында кездесетін тотемдік ұғымдармен сабақтастыра қарастыру арқылы бөрі архетип образының трансформациясын айқындау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу мақаласының теориялық мәнін арттыру мақсатында архетип пен тотемге қатысты, оның ішінде бөрі тотемі туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін негізге алып, бөрі тотемінің түс пен түрге қатысты көркем бейнелері мен архетип образдары жан-жақты талданып, тың тұжырымдар алынды. Зерттеудің практикалық негізі ретінде Тәуелсіздік кезең прозасы мен шетелдік классикалық көркем шығармалар қарастырылды. Бөрі архетипі архетип әдеби сын тұрғысынан мифология мен фольклорлық шығармалар, көркем мәтін мен ұлт болмысына байланысты қалыптасқан наным-сенімдер негізінде сараланып, жаңа ғылыми пайымдар жасалды. Қазақ халқының ұжымдық бейсаналығында қалыптасып, бүгінге дейін сақталған көк бөрі архетипінің көркем шығармашылықта қайта жаңғыруы, реконструкциялануы мифологиялық архетиптермен сабақтастырыла талданды. Бөрі архетипінің ерекшелігін айқындауда халқымыздың фольклорлық шығармалары мен әлемдік мифологияны салыстыра зерттеуде К.Г. Юнг, П. Радин, Э. Нойманн, К. Воглер, К. Эстес сияқты ғалымдардың теориялық тұжырымдары зерттеу жұмысында қарастырылды. Сонымен қатар М. Мағауин, Ш. Мұртаза, А. Алтай шығармалары мен шетел әдебиетіндегі бөрі образы кездесетін көркем туындылар сараланды. Мақалада архетип әдеби сыны, психоаналитикалық зерттеу әдістері басшылыққа алынып, әр көркем шығармадағы автордың айтар ойын жеткізуде бөрі архетипін алу себептері ғылыми тұрғыдан түсіндірілді. Мәселен бөрі архетипінің қазақ халқының тотемдік бейнесі ретінде жан, рух, ұлы ана архетипі ретінде берілуі мен жалпы әлем әдебиетіндегі бөрінің басқа да архетип түрлерінде кездесуі арнайы топтастырылды. Атап айтқанда, көне мифологиялардағы бөрі тотем, магиялық күш иесі, хтоникалық хайуан, трикстер сияқты түрлі образдарда берілуі мен қазіргі әдеби шығармалардағы көркем бейнелерінің арасындағы айырмашылығы мен ұқсастықтары, жалпы құбылуы жан-жақты талданды. Зерттеу нәтижесінде бөрі архетипі көшпелі қазақ халқы үшін «мәдени канон» ретінде қалыптасқан архетип образ екендігі айқындалды.

Кілт сөздер: архетип, мифология, этномәдени архетип, бөрі, ұжымдық бейсаналық, тотем, әдеби архетип.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: lmдемессин@gmail.com

Kipicne

Көшпелілердің, оның ішінде қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасу тарихы мен арғы тегі мәселесінде тотемдік аңыз-әңгімелер, мифологиялық мотивтердің көркем туындыларда жанаша көрініс табуын ұлттық рух пен құндылықтар тұрғысынан дәріптеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Себебі ақын-жазушылар ұлттық архетип пен тотемдік ұғымдарды шығармаларына арқау ету арқылы оқырман санасында ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуға септігін тигізеді. Осы ретте, Б.И. Кононенко «Менталдық тұлғалық және ұжымдық сана тереңдігінің нәтижесінде пайда болған бейсаналы әрекеттердің жиынтығымен сипатталады» [1; 146], – дейді, яғни суреткерлер ұлттық таным қайнарларын бейсаналы түрде архетип қабаттардан іздейді, ұлттық архетиптерге жүгіне отырып, ұлттық код пен дүниетанымды көркем туынды арқылы жеткізуге тырысады.

Соңғы жылдары шетелдік ғалымдар зерттеулерінде «бөрі» архетипі әдебиет пен өнер, антропология мен психология салалары негізінде жан-жақты қарастырылған. Зерттеулердің басым көпшілігі «бөрі» архетипін психоаналитик ғалым К.Г. Юнгтің «ұжымдық бейсаналық» [2] тұжырымдамасы негізінде талдайды. Ғалымдар қасқырды жабайы, жойқын күшке ие, моногамды, ақылды, адал аң ретінде ерекшеліктерін ескере келе, оны Ұлы Ана, Анима мен Анимус, Көлеңке, Эго архетиптері тұрғысынан қарастырады. Э. Нойманн архетипті түсіндіруде, оның ішінде, Ұлы Ана архетипін символдық белгілер негізінде адамның тұлғалық даму жолындағы ерекшеліктері бойынша өз тұжырымдарын ұсынса, К.П. Эстес бөрі архетипі мен тағы әйел архетипін қатар алып, әлем халықтарының көне аңыз-әңгімелер мен ертегілері негізінде талдау жасайды. М. Карен бөрі архетипіне танымдық тұрғыдан келеді. М. Думан [3] өзінің ғылыми мақаласында түркі халықтарының фольклорлық әңгімелеріндегі архетип бейнесінің эволюциясын зерттей келе, бөрі бейнесінің ислам дінін қабылдағаннан кейін Хызыр тұлғасына айналуын, яғни мифологиялық архетиптің трансформациясын талдайды. Бұл өзгеріс түркі қоғамдарының дүниетанымындағы діни әрі мәдени ықпалдардың нәтижесі ретінде қарастырылады. Ал Б.К. Уилрайт [4] өз зерттеулерінде Юнг ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, тотемдерге оның ішінде құзғын мен бөрінің сабақтастығына тоқталып, психоаналитикалық тұрғыдан зерттеулер жүргізеді. Жоғарыда қарастырылған зерттеушілердің барлығының тақырыбы ортақ болғанымен, бөрі архетип бейнесін ұлттық этнографиялық ерекшеліктерге байланысты әр қырынан келуін байқауға болады.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында Ш. Уәлиханов зерттеулерінде қазақ халқының мифологиялық танымына қатысты бөрі бейнесін көне наным-сенімдер мен эпостық дәстүрлермен сабақтастыра қарастырған [5]. С. Қондыбай қазақ мифологиясын жанаша зерттеп, бөрі архетипінің түркілік дүниетанымдағы орнын терең талдаған. Ол бөрі бейнесін ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, оның мифологиялық, символдық мәнін ашқан [6]. Сонымен қатар Г.С. Балтабаеваның «Көне түркі көк бөрі тотемі және қазіргі қазақ әңгімесі» мақаласында [7] ғалым көне түркі бөрі тотемінің қазіргі қазақ прозасындағы көріністерін зерттеп, М. Мағауиннің «Қасқыр-бөрі» әңгімесін мысалға ала отырып, бөрі бейнесінің әдеби трансформациясын талдаған.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында К.Г. Юнгтің психоаналитикалық зерттеу әдісінен бастап, Н. Фрай негізін салаған архетип әдеби сын тұрғысынан талдау арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі бөрі архетип образы мен сюжеттердің тамырын көне мифологиядан іздеу, мифологиялық кейіпкерлермен байланыста зерделеу тың тұжырымдар жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар мақалада архетиптің тұлға мен ұлт санасына әсері, архетиптің ұжымдық бейсаналығын, мифологиямен байланысы мен көркем әдебиеттегі қызметін айқындауда имманенттік әдіске, яғни құрылымдық-семиотикалық және мифопоэтикалық зерттеу әдістеріне жүгінеміз. Аталған әдістер негізінен мәтінмен жұмыс жасалып, көркем мәтіндердің құрылымымен қатар семиотикалық коды мен символдар жүйесі, «архетип үлгілерді» айқындауға септігін тигізеді. Зерттеу жұмысының материалы ретінде архетип пен тотемге қатысты қазіргі қазақ прозасындағы М. Мағауин, Ш. Мұртаза, Ж. Ахмади, А. Алтайдың бөріге қатысты шығармалары алынды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Көшпенділер тарихында «көк бөрі» (sky bogi) тотеміне қатысты ертедегі мифтерден бастап, өнер мен әдебиетте фольклорлық шығармалар, жыр-дастандар мен көркем туындылар жетерлік. «Бөрі» архетипін көшпенділер тотемі ретінде ала отырып, көне мифологиядан бастап, қазіргі әдеби

шығармалардағы «бөрі» архетипінің қызметі, бөрі бейнесінің трансформациялануы, әр елдің ұлттық ерекшелігі негізінде бөрі бейнесін салыстыра отырып, көшпенділердің ұлттық архетип образын айшықтау маңызды.

Әлем халықтарындағы тотемдік белгілердің ішінде кең тарағаны «бөрі» тотемі. Тек ұлттық ерекшеліктеріне байланысты түркілерде «көк бөрі» болса, Солтүстік Америка үндістерінде «койот» (жайылымдық қасқыр), славяндарда «ақ қасқыр» қасиетті саналған. Осы ретте бөрінің ақ, көк және сұр болып бөлінуі, үш әлем концепциясы негізінде жатыр деуге болады. Мәселен көк аспан әлемін қасиетті санап, көк Тәңірге табынған түркілер үшін «көк бөрі» тотем болса, славян халықтарында ақ қасқыр қасиетті, ақ түс жерасты әлімімен байланысты, өлілер мекені саналатын жерасты дүниесін тазалық пен бейкүнәлік белгісі ретінде сипаттайды. Бұл Мысыр мифологиясындағы Werwawet (Упуаут) алғашында соғыс құдайы, кейіннен өлілер әлемінен қорғаушы ретінде келуі, сұр немес ақ басты болып келетін шибөрі (шакал) архетипімен байланысты болып келеді.

Көне мифология мен қиял-ғажайып ертегілерде, дін мен эпсана-хикаяларда жиі кездесетін бөрі образы дуалдық сипатта танылады. Мифологиялық образ ретінде алып Фенрир қасқыр құдайларға қарсы шығып, демондық бейнеде, хаос символы болған. Бұл Үнді, Скандинавия, Еуропа халықтары мифтерінде кездесе, соғыс құдайы римдіктер үшін қасқыр саналып, ержүрек батырларды қасқырға балаған. Демек Еуропа елдерінде де қасқыр бейнесі маңызды рөл атқаратынын байқауға болады.

Бөрі архетипі әр халықтың менталитетіне байланысты фольклоры мен көркем әдебиетінде түрліше сипатта болатынын зерттеу барысында байқалды: бөрі-қасқыр — жабайы жыртқыш аң ретінде; бөрі — тотемдік жануар немесе ілкі ата; бөрі көркем шығармада оборотень немесе трикстер ретінде бейнеленеді. Мәселен, «бөрі» бейнесі көне мифтерден бері тотем, рух, магиялық күш иесі, хтоникалық хайуан, трикстер ретінде түрлі көркем образда танылып келеді.

Магиялық күш иесі деп бөрінің тісін, тырнағы мен басын бақсылар мен шамандар тіл-көзден сақтау үшін қолданса, бөрінің айбары, қасиеті нақты мысалдардан көрінеді. М. Мағауинның «Қасқыр — Бөрі» шығармасында Жүніс шалдың кемпірінің үстінен қасқыр аттап кеткеннен бері белі жазылмай, кеміс болып қалуы: «...қасқыр балалады. Көзім ілініп кетіп еді, үстімнен әлдене елбең ете түскендей болды. Содан омалып қалған. Қанша ем-дом жасап, ұшықтаған соң ғана тәуірленіпті, бірақ әлі күнге белі кеміс, жүргенде кілтілдеп тұрады» [8] немесе Ж. Ахмадидің «Кезенгеннің кезі» [9] әңгімесінде бас кейіпкер Бодықтың да қасқырмен арпалыстан соң өзінің де құтырып, ақырында азапты өлімі сияқты оқиғалар бөрінің тылсым құдіретін танытады. Ал Еуропа халықтары ертегілерінде орманда қақпанға түсіп қалған қасқырды құтқарған қызға алғыс ретінде сиқырлы кірпік беруі, сиқырлы кірпіктің арқасында қыз барлық адамдардың арам пиғылдарын көру қабілетіне ие болады. Бұл жерде де тұз тағысының магиялық қасиетке ие екенін көреміз.

Бөрінің киелі тұз тағысы, қазақ халқы үшін қасиетті екенін танытатын тағы бір тұсы туралы аңыздар қазіргі қазақ әдебиетінде де көрініс тауып отырады:

«...Ол қаншық қасқырдың терісін аз ғана уақытта сыпырып алды. Бас терісі мен тақыр тірсекті сирағын, қызыл шақа бұтына қысқан құйрығын ғана өзінде қалдырды...

...Қызыл шақа тәнінің беті жыбыр-жыбыр ете тартылып, ал өзі былқ етпестен жатқан бөрі кенет сирақтарын серпіп-серпіп қалды. Ол оқыс орнынан тұрды. Сең соққандай сенделіп кетті. Қатты аязда тоңазыған қызыл шақа тәнінен көтерілген аппақ бу өзімен бірге бусана ерді» [10] деген А. Алтайдың «Туажат» романынан алынған үзіндіден терісін тірідей сыпырғанына қарамастан қайсарлық танытып, бір дыбыс шығармауы төзімділік пен ерлікке пара-пар іс екенін аңғаруға болады. Бұндай оқиға Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» [11] романында да кездеседі. Ханның бағында жайылып жүрген елікті жеген арланды ұстатып, кейін тірідей терісін сыпыртқанда қыңқ етпей тағылығын танытады. Жалаңаш қасқыр жалаң еті дірілдеп, ханға қарсы отырып, тек ұлиды. Аңыз бойынша кейін ханның басынан бағы тайған екен, себебі қазақ халқында «бөрінің Тәңірісі бар» деп оны қинаған адам қарғысына ұшырайды, киесі атады деген түсінік қалыптасқан. Деректерге сүйенсек қасқыр ешқашан үрмейді, тек ұлиды, яғни жалаңаш қасқырдың ұлуы — көк бөрінің көк Тәңірімен диалогы іспетті. Екі шығармада да терісінен тірідей сыпырылған бөрілерде жан мен тән деңгейінде рух байқалады, бөрі архетипі адам рухы мен санасын айқындаушы қызмет атқарды.

Хтоникалық хайуан бейнесіне келер болсақ хтоникалық — көне грек мифологиясында кездесетін жерасты әлемінен шығатын құбыжықтар мен құдіреттер. «Хтонь» көне грек тілінде «жер» деген мағына береді, яғни жерасты әлемінің, жердің құдіретінен жаралған хайуандар. Өлілер әлемін, табиғаттың күшін танытатын бұл бейнелер тек жақсы, не жаман деп айтуға келмейді, негізінен түрлі жануарлар кейпінде келеді, соның ішінде скандинавиялық мифологияда кездесетін Фенрир («из

болоты» мағынасында) қасқыр бейнесін айтуға болады. Герман-скандинавия мифтеріндегі Локи мен Ангербодтың ұлы алып, қорқынышты қасқыр құдайлардың жауы ретінде танылады. Миф бойынша алдына келгеннің барлығын жайпайтын, ешкімге дес бермейтін жойқын күш иесі, Хаос тудырушы ретінде сипатталады. Әдебиетте бұл образ ағылшын жазушысы Джон Толкинның «Сильмариллион» фэнтези шығармасы немесе анималист жазушы Сетон-Томпсон Эрнесттің «Лобо» шығармасына арқау болған алып, айлакер қасқыр — лобоның негізі осыда жатуы ықтимал.

Трикстер бейнесіне келер болсақ трикстер архетипінде мифологияда жиі кездесетін антропоморфты бейнелер, Навахо тайпасының шығуы туралы мифтерден бастау алған койот трикстер образында сипатталады, койоттарды жағымды, не жағымсыз деп айту қиын, трикстер ретінде сырт көзге жағымсыз, сайқымазақ образ ретінде де берілуі мүмкін, дегенмен түпкі мақсаты адамдарға көмек көрсету. Трикстер бейнесін зерттеген К.Г. Юнг, П. Радин сияқты ғалымдар: «это — душа которая едва поднялась над уровнем животного и являет собой более ранее, рудиментарное состояние сознания» [12] деп «бейсаналықпен» байланыстырады, яғни санасы толық жетілмеген, алайда хайуан деуге де болмайтын, бейсаналы түрде келеңсіз жағдайларға тап болып жүретін сайқымақ сияқты, шындығында көп жағдайда өзіне-өзі кесірі тиіп жүретін, еш күлкілі емес бейне, оның түпкі мақсаты адамдар қиналған кезде жол сілтеу болып табылады. Трикстер ретінде койоттар да ертегі-аңыздарда өзгеге көмектесемін деп өзі зардап шегіп отырады. Мысалы, солтүстік американдық үнділердің «Койот желді қалай ұстады», «Койот пен байғыз-бике» ертегілерінде койот адамдарға жанашыр, көмекші, өзін құрбандыққа шалуға дайын образ ретінде суреттеледі.

Талдау

Тотем ретінде көне түркі халықтарына ортақ «көк бөрі» көшпенділердің жаугершілігі мен еркін рухын танытып отырады. Түркі халықтары өздерін «көк бөрінің» ұрпағы санауы тегін емес. Көне түркілерде «көк бөрі» тотемі «көк Тәңірі» аспан түстес, шексіздік, ерте замандардағы Тәңірге табынушылықпен сабақтасып жатыр.

Қазақ халқының «көк бөріден» тарағаны туралы көптеген аңыздар мен Қытай жылнамаларындағы жазбалар дәлел. Бір деректерде «Ашина» ұғымын алдыға тартып, ғұндар тайпасына қатысты аңызбен байланыстырады. Түркілер «Көк бөрі», моңғолдарда «Шона» (Чино), қытайлар «А» префиксін қосып, «Ашина», арабтар «Шан» деп атаған. Кей деректерде «Ашина» атауы көк бөрінің мекен еткен үңгірінің аты десе, енді бірі бала ақсүйек ашина руынан шыққан деген мәліметтер кездеседі. Ашина — Көк бөрі Түркі қағанатын құрғандығы тарихтан белгілі, сөзіміз дәлелді болу үшін тарихи дереккөздерге жүгінсек, С.Г. Кляшторныйдың [13] Түркі қағанаты дәуіріне жататын Моңғол Алтайында Бөгеті сынағасынан қасқырды емген қол-аяғы кесілген баланың бедерін тапқан. Яғни көне аңыздың тарихи шындыққа жанасатынын аңғаруға болады.

«Бөрі» тотеміне байланысты жау қолынан қырғынға ұшырап, соңынан қалған қол-аяғы кесілген 10 жасар баланың Тәңірінің рақымшылығымен бөрі-ананы еміп, аман қалған бала ержетіп, түркілер тарағандығы туралы көне аңыздарда айтылады. Бұл аңыз Марс пен Илианың балалары Римнің негізін қалаған Ромул мен Рем туралы аңызда оларды ұрғашы бөрінің емізіп, аман сақтап қалуымен де үндес келеді.

Басқа да халықтардың тарихында «бөрі» тотеміне байланысты мәліметтер жетерлік. Мәселен, «башқұрт» сөзінің шығу этимологиясына сүйенсек, «бас бөрі» мағынасында келуі, көк бөріні әділдік пен ізгілік, ақыл мен тазалықтың символы деп таныған башқұрттардың кей елдімекендерінде бүгінгі күнге дейін көк бөрі (Кук Буре) бейнесі байрақтарында бейнеленуі тегін емес. Башқұрт әдебиетінде де көк бөрі тотеміне байланысты көркем шығармалар жетерлік, соның бірі И. Дикаттың «Небесные волки» шығармасында автор бөрі архетипін негізге алады.

Хакас халқының «Албынжы» батырлық эпосында батырдың сенімді досы Ах пуур (Ақ бөрі) болса, қырғыздың «Манас» жырында да «Көкжал бөрі» сияқты тіркестердің жиі кездесуін байқауға болады. Ал түрік халқында «куртулуш» сөзінің мағынасы бөрімен мәндес болып келеді. Әзербайжандықтарда ержүрек, ерлігімен көзге түскен адамды «бөрінің ұлы» деп сипаттаса, моңғолдар үшін де «көк бөрі» тотемдік жануар. Бұл туралы әлем тілдеріне аударылған Цзян Жунның «Чонон сулд» («Бөрі тотемі») шығармасы дәлел. Бұдан мифологиялық образ ретінде бөрі архетипі көптеген халықтардың ұжымдық бейсанасында сақталғанын көруге болады.

Әлем тарихында Геродот «песьеголовцы» (итбасты) адамдарды «қасқыр адам» деп атаған бейнелер көптеген елдер эпостарында бар. Славян мифологиясы мен фольклорында да бөрі бейнесі жиі кездеседі, тіпті, көне славяндардың көптеген әдет-ғұрыптары бөріге байланысты болғандығы

туралы деректер жетерлік. Славяндар есімдері Vuk, Vukasin, Vukica сияқты тотемдік жануарлардың атымен аталса, пәле-жаладан аулақ болады деген сенім қалыптасқан.

Славяндарда Bori Horz (славянское божество) мен қасқыр рухының байланысы айтылса, White bori — ақ қасқыр да қасиетті, себебі Dazbog (Дазбог) — «солнечное божество» ақ қасқырға айналуын көрсетеді. Ал «ақ» түс славяндарда төменгі, жерасты дүниесі, сәйкесінше, өлілер әлемімен байланысы ақ қасқырдың өлілердің қорғаушысы бейнесінде сипатталады. Бұл тұста қазақ халқында жерасты әлемі қараңғылық, жаманшылық, өлім деген жағымсыз эмоцияда қолданса, кей халық үшін жерасты әлемі адамның өлімі жаны тазарумен, тынышталумен, яғни ақ түспен сипатталады. Бұл, әрине, әр халықтың дүниетанымы негізінде орын алады.

Славян халықтарында бөрі әу-баста молшылықтың символы болып, аталмыш архетип фольклорлық шығармаларда екі түрлі сипатта кездеседі: «оборотень» қасқырлар адамдарға әрдайым қастық жасайтын жағымсыз кейіпте, хайуандық инстингке бой алдырып, қасқырға айналып отырса, екіншісі әрдайым адамдардың жолдасы бола білген, төзімділік пен ақылдың белгісі, жағымды образдарда сипатталады. Мысалы, «Сказка об Иван царевне, Жар птице и сером волке» ертегісін алуға болады. Сонымен қатар түз тағылары екі дүниені байланыстырушы ретінде де белгілі, Солтүстік Америка үндістерінің тотемі болған койотты жергілікті шамандар о дүние мен бұ дүние арасындағы модератор ретінде көрсетіп, ептілік пен даналықтың арқасында жол таба білген.

Әлем халықтары мұраларында кездесетін «бөрі» образы бір елдерде бөрі-ана түрінде кездесе, мәселен Солтүстік Америка халықтарында койот әйел болған, адамдарды қорғаушы, қоректендіруші, ұрпақты дамытушы образ ретінде, ал моңғолдар тотемінде, қырғыздар мен әзербайжан халқында «еркек», батырлық, ерлік, мықтылық символы болып келеді. Ал қазақ халқында ұрғашы және еркек бөрі қатар кездеседі. Ерлердің ерлік істері мен жаугершілік қасиеттерін, өрлік пен мықтылықты, адалдық пен қамқорлықты бөрі бойынан көре білген түркілер өздерін «Көк бөрінің» ұрпағы деп тануы тегін емес, ала Ашинаны емізіп құтқарған ана-бөрі аналық мейірім мен қамқорлық, аналық махаббат пен өсіп-өну символы.

Архетип образдар архаикалық дәуірлерде сақталған ілкі образдар мен символдар ретінде адамзат санасында бейсаналы түрде сақталып, бағзы заманнан бізге жеткен. Ғалым, психоаналитик Юнг архетип ұғымын ұжымдық бейсаналықпен байланыстыра отырып, негізгі «персона/өздік», «көлеңке», «анима», «анимус», «ұлы ана/абыз қарт», «сәби» деп көрсете келе, осы аталғандардың негізінде архетиптің түрлері дами беретіндігін айтады. Соның ішінде қасқырдың бірнеше суб-архетипін атап көрсетеді:

- Ромул мен Ремді емізген ұлы бөрі ана ретінде келетін қамқоршы, тәрбиелеуші (Анима);
- инициацияға жетелеуші қасқыр, жас қасқырларды үлкен өмірге үйретуші (Анима);
- мысыр мифологиясындағыдай адам жанын қақпадан өткізетін күзетші (көлеңке);
- қой терісін жамылған қасқыр, өзінің «Менін», инстинкті тағылық болмысын жасырып, бейкүнә мен жұмсақтық қасиеттерін дамытушы (Персона);
- ұлыған қасқыр, өзінің ішкі дауысын танытып, басқалармен қарым-қатынасқа түсетін қасқыр (Эго);
- қозы мен қасқыр бірге, ішкі жандүниесінің көрінісі (Өздік);
- өз өмірін қолына алған, жауапты қасқыр (Эгоның толысуы) [2; 284].

Нәтижелер

Зерттеулер мен талдаулар нәтижесінде «бөрі» тотемін Юнг ұсынған «Ұлы ана» архетипі негізінде жан-жақты толық ашуда А. Алтайдың «Туажат» романы алынды. Себебі бұл шығармада мифологиялық мотивтер мен архетип образдар түгел қамтылған, бас кейіпкердің әрдайым жанында бөрі-ана рухы табылып отырады. Көркем шығармада автор Байбураның образын ашуда тегін бөрі архетипін алған жоқ. Кеңес үкіметінің солақай саясатының кесірінен отбасынан, оқуы мен жұмысынан, сүйген адамы мен достарынан айырылған бас қаһарман арқылы бөрі тотемді еркін қазақтың қамауға алынуы немесе өз елінде жүріп қиянат көруі сияқты ауыр жағдайлар кейіпкер жанына дерт салу арқылы сипатталады. Сол ашу-ызаны, өшпенділікті аңшылыққа шығып қасқырдан алмақ болған Байбура ерекше мистикалық жағдайға тап болады. Ауланған екі қасқырдың бірі арланды өлтіріп, қаншық қасқырдың терісін сыпырып алады.

Алайда терісі сыпырылған қаншық қасқырдың үстінен беймәлім сағым көтеріліп Байбура жаққа беттейді, бөрі басты, құйрықты сағым оны айналшықтап, төбесінен шеңбер жасап, кейін ұшып кетеді.

Аңшы үстінен құйрықты сағымның дөңгелене айналуынан Ежелгі Мысыр мифологиясында кездесетін «уроборос», өз құйрығын тістеген жылан — мәңгілік шеңбер, шексіздік пен циклды жүйені, өлім мен қайта тірілу символы болған. Психология ғылымында Юнг уроборосты архетип ретінде қарастырса, Нойманн тұлға дамуының алғашқы сатыларында талдау жасайды, яғни адам санасының бейсаналықпен арақатынасын ажырата алмаған сәттерін сипаттайды [14; 21]. Шығармада Байбураның өзі де қаншық қасқыр деп ойлағаны, жабайы қасқыр емес қасиетті бөрі-ана болып шықты деген ойымен ұштасады. Осы ретте, Юнг ана архетипін зерттеуде: «Ана архетипі магиялық шеңбер немесе мандала түрінде беріліп, қорғаушы, қамқоршы күшке ие болады» [15; 163] деп уроборос туралы идеяларының арасында байланысты аңғаруға болады.

Терісі сыпырылған аңның қайта жаңарып жаны қиналған кейіпкерге бөрі-ана рухы ретінде келуімен автор мифологиялық символды қолдану арқылы тамаша шешім таба білген. Бұның барлығы ұжымдық бейсаналық негізінде жатқан архетип қабаттардың әсері екені сөзсіз.

Міне оқиға осыдан өрбиді, алғашында бір пәлеге ұрындым деп шошынған бас қаһарманның бөрі басты сағым, күдіретті «Бөрі Ана» болып шығады, боранда адасып бейітте түнеген Байбураға жол көрсетуден бастап, қолдаушысы, қорғаушысы болады. Ашина немесе Ромул мен Рем туралы аңыздардағы ана-бөрі архетип мотиві А. Алтай шығармасында жалғастық тапқанын аңғаруға болады. Барлығында да ұрғашы бөрі қамқоршы, құтқарушы, қолдаушы ана кейпінде беріледі. Көркем шығармада Байбураның басына қандай да бір қауіп төнген сәтте ана-бөрі жанынан табалады: соғыста оттың астында қалғанда, суға батып бара жатқанда, қараңғы түнекте адасқанда әрдайым бөрі сұлбасындағы рух жәрдем етіп, жебеп жүреді: «...Талай мәрте сын сағаты соққан сәтте көктем түскен Файсадай сап ете қалатын бөрі болмысты боз сәуле — Бөрі-Ана ажал аузынан қағып қалды. Бөрі киесі — мұның иесі екен... төребейіт төрінде жолығысып, тілсіз түсініскеннен бері Бөрі-Анадай Бозиесі иенде қалдырған жері жоқ. Жол таппай тұрған сәтінде көкмұнар арасынан боз сәуле болып бұлаңдап, алдына түсіп алашаңдай басатын. Бұл артынан көзсіз еретін...» [10].

Романда тағы бір аңғаратын жайт, кейіпкер қасқырдың терісін тірідей сыпырып алуы қазақ халқының жанын аршып, жанына жара салып жатқан озбырлардан ала алмаған өшпенділігін байқұс хайуаннан алуы жан күйзелісін, ауыр психикалық жағдайын көрсетеді. Автор да шығарманың басында романның «желтоқсан оқиғасы» құрбандарына арналғанын, қазақ жастарының қиын тағдыры негізінде жазылғанын айта кетеді. Бұл ретте Юнг «Психология және өнер» зерттеуінде автор тағдырының көркем шығармаға әсері жайлы ойын келтірер болсақ: «Шығармашылықтың психологиялық түрі адамның саналы ғұмырымен: драмалық тәжірибесі, күшті эмоциясы мен мұң-қайғысы, құштарлығы мен тұтас адамзат өмір тәжірибесімен байланыста жұмыс жасалады» [2; 7]. Автор өрімдей қазақ қыз-жігіттерінің елі мен жерінің бостандығы жолында көрген азаптарын өз көзімен көріп, барлық болған жантүршігерлік жайттардың жазушы жанын да ауыртқанын байқауға болады.

Психолог ғалымдар адам өмірінің қалыптасу жолында сәбилік кезеңдегі естеліктердің маңызы зор екендігін баса айтады, соның дәлелі көркем шығармадағы бесіктегі сәби образы арқылы болашақ тұлғаның өмір жолын айқындап бергендей. Бұл туралы Юнгтің «Жан және миф» еңбегінде сәби архетипіне тоқталып, «сәби мотиві» баланың кішкене кезіндегі естеліктерімен байланысты болса, архетип тұрғысынан келгенде оған ұжымдық бейсаналық тән болғандықтан, «сәби мотиві ұжымдық жан сәбилік, санаға дейінгі аспектіде танылады» [2; 69] дейді, жекелеген сәбидің түсінігі емес, жалпы ұлт санасындағы мәселе қозғалғанын көрсетеді.

Сәби шағында түз тағыларының арқасында апаттан аман қалған кейіпкерді сол кезден бастап түз тағыларының киесі өз қамқорлығына алған, кейіннен оның бөрі-ана бейнесінде көрінуін байқаймыз.

«Бүкіл әлемде адамдармен ерекше құпия байланысы бар тіршілік иелері туралы ертегілер айтылады. Себебі олар архетип ретінде адам жанының бір сырларын біледі» [2; 228], — деген тұжырымдаманы тарқатар болсақ, анасыз өскен бас қаһарманның сәби шағындағы тағдыры да аянышты, бұл туралы шығармада Байбура түс көру арқылы көрсетеді. Себебі адам архетип әлеміне ұйқыда немесе қиялында, балалықты еске алғанда енеді. Еш алаңсыз бесікте жатқан сәби мен анасы сұмдық дауылға тап болады: «Шаңырағы шашалып, керегесі күйреп далада қалған, қазан-ошағы жайрап, түңілік-туырлығы түтіліп түзде жоғалған киіз үй мен көкке ұшып кеткен ана гана Тесікүяға жете алмады. Зәулім теректің басындағы бұтаққа кеп ілініп қалған бесік қана. Бесік қана ішіндегі Байбурадай сәбиімен есен-аман, бүлінусіз бүтін жеткен» [10] деген үзіндіден барлығын жайпаған табиғаттың тосын мінезі бір ошақтың отын сөндіріп, бейкүнә сәбиді анасынан айырды. Бірақ Тәңірінің қолдауымен бала аман қалады, үш күн бойы талға ілінген бесіктегі баланы көкте

Шәулі қыран тамақтандырса, жерде қос бөрінің шибөріден қорғауы аспан-әке, жер-ана символикасы негізінде бейнеленген. Ал қыранның баланы өлмес үшін қоянның қанымен қоректендіруі де символикалық тұрғыдан қазақ халқының басына түскен ауыр жағдайдың көрінісі. Сәбидің туа салысымен уызына жарымай, анасынан айырылуы мен қазақ үшін қасиетті жері жер-ана, отан анадан айырылуы сабақтасып жатыр.

Сәбидің анасынан айырылып, жапан түзде жалғыз қалуы көне мифологияларда кездесетін «жетім бала» мотиві негізінде өрбіген. Зевс, Аполлон, Гермес туралы аңыздарға ортақ мотив анасынан ажырап қалған сәби бейнесі. Бірінде анасы сәбиін қорғау мақсатында тастап кетсе, бірінде сыртқы күштердің әсерінен жабайы табиғат аясында құдайлар мен жабайы аңдардың қоректендіруімен аман қалған сәби. Бұндай сюжет көшпенділер тарихында кездесетін Ашина туралы аңыздарда да айтылады.

Л.Д. Винчи туралы Фрейд пен Нойманн еңбектерінде суретшінің естеліктерінде сәби шағында люлькада жатқанда гриф құстың келгені туралы жазғандары бойынша ғалымдар түрлі жорамалдар жасайды. Дегенмен оның қандай құс екені маңызды емес, маңыздысы ежелгі түрлі мифологияда кездесетін құс — рух, жан символында берілуінде. Бұл тұста «Туажат» романында да бас кейіпкерді бөрі-ананың түсінде де, өңінде де келіп қорғауы бөрінің көшпенділер тотемі ретінде қазақты қорғаушы рух іспетті бейнеленген. Ұлттық ерекшеліктерге байналысты бөрі — жан, рух Ұлы ана архетипімен сәйкес келеді.

Юнг архетипті түспен байланыстырады, романда да кейіпкердің балбырап, ғажап түс көріп, қиялға берілуі кейіннен өңіне айналуы тегін емес: «*Байбура анасыз өсті. Аналық сезімге аңсар күймен балалық шағы да өтіпті. Ана-Бөрі ғана басып, анасын жоқтатпапты. Қазір де қасында шоқиып отыр — бөрі сұлбалы Бозиесі...*» [10], — ұйқыдан оянған сәтте жанында бөрі-ананың отыруы тамаша жымдастырыған, «Тағы әйел сүйек пен шаш арқылы қайта оралып отырады. Ол түсте жартылай ұмыт болған, түсініксіз оқиғалар мен жағдай түрінде көрінеді» [16; 28], — дейді. Байбураның қорғаушысы болған Бөрі-Ана архетипі марқұм анасының рухы мен бүкіл қазақтың тотемі болған бөрі рухы сабақтасып жатыр. Романда әрмен қарай барлық оқиға желісі негізгі кейіпкермен қатар бөрі-ана Ұлы ана архетипі принципімен өрбиді. Боранда адасқан Байбураны артынан жетелеп кете барады, яғни қаһарман өмірінің жаңа парағы ашылғанын аңғартады. Бөрі-ананы Юнгтің топтастыруы бойынша ұлы ана архетипі деп қарастырсақ, Эстес «*Тағы әйел*» архетипін ұсынады, ал Воглер зерттеулері бойынша «*серіктес*» архетипі деп алуымызға болады. Әр ғалым өзінше топшалағанымен барлығының атқаратын қызметі біреу. Воглер серіктес архетипі ежелгі мысырлықтар мен римдіктердің наным-сенімінде сондай қорғаушы-рух болғандығын айта келе, «Ол кішкене періште, қорғаушы иесі ретінде адамға дұрыс жол сілтеуші, бағыт беруші болуы мүмкін» [17; 180] деп «союзниктің» бейнесі мен қызметіне тоқталып өтеді. Романда Байбураның қорғаушы періштесі ретінде көшпенділердің тотемі бөрі архетипі алынған.

Байбураның өзі де бауыр басып қалған, бөрі сәулесі пайда болғанда, артынан ессіз ере береді. Осы тұста К.П. Эстестің тағы әйел туралы «...Олар бізді сабырға шақырып, кейде жігерімізді қайрады, сенімімізді күшейтіп, барлығын үйретті. Олар біздің жанымыз бен тәніміздің бір бөлшегі ретінде тағы табиғатпен егіз болмысымыздан ажырап қалмауға үйретті» [16; 227] деген ұстанымы адам үшін ананың орнын айқындап береді, адамзаттың негізі болған ана архетипі шығармада бөрі тотемімен сипатталады. Ана рухының ғайыптан пайда болуы, бөрі инстинктің мықтылығымен байланыстыруға да болады. Бұл туралы К.П. Эстестің зерттеуінде тағы әйел мен ұрғашы бөрі екеуіне тән ұқсастың интуиция мен инстинкт мәселесіне тоқталады.

«*Осы бір отпен ыстала, отпен аластала қысылған жандәрмен сәтте қызыл жалынды серпе көк-жасыл сәуле көк төрінен түре түсті... бұл Байбураның басына сын сағаты соққан сәтте жеті қат көк төрінен көк сағым боп оралатын баяғы Бозиесі — Ана-Бөрі болатын. Байбураның күйіп-жанған тәні тіксіне, ой-санасы сілкіне түсінді. Боз бөріге айналған бозамық сұлба мұның тәнсіз рухын ақырғы рет ахиретке ертіп ала жөнелді*» [10], — деген үзіндіден неге от ішінде қалған қаһарманды Бөрі-Ана құтқармады деген сауал туындайды, себебі Байбураның жан қалауы да осы еді, бұл ретте К.П. Эстес тағы әйел архетипін жан беруші және жан алушы деп сипаттайды: ұрпақ әкеліп, адамға өмір сыйлаушы ана ретінде және жан алушы — азаптан құтқарушы бейнесінде де болуы мүмкін деген ұстанымда: «Жаратушы ана жан берумен қатар кейде керісінше, жан алушы да болып келеді. Осындай екі жақтылықтың салдарынан мына әлемде біздің алдымызда үлкен мәселе тұр: біздің айналамызда немесе жандүниемізде не болуы керек, ал не өлу керек деген мәселені шешу.

Біздің міндетіміз осы екеуінің мерзімін анықтау, өлуі немесе кетуі керек дүниеге рұқсат беру, ал болуы керекке ары қарай өмір сүруге мүмкіндік беру» [16; 33].

Ұлы ана архетипі тек қорғаушы, жебеуші ана ғана емес, жер ана, отан, адамның туған жерін де жатқыза аламыз. Себебі табиғатпен үндестікте өмір сүретін көшпенділер үшін жер ананың маңызы зор. Романда қаһарманның өз баспанасы жоқ бөрі сияқты тұз тағысы. Соғыста, тау-тастың арасында жат жерде қапаста жүргендей күйде болса, елге оралған соң туған жердің әсем табиғатының аясында отаны жер-ананың қамқорында болғандай әсер қалдырады.

Қаншама оттың ішінде жүріп, талай қырғыннан аман қалған бас кейіпкердің күн ыстықта айнаның шағылысуынан тұтанған өрттен мерт болуы символдық тұрғыдан табылған сәтті шешім. Қанша уақыт туған жерінен жырақта жүріп, өз отанын сағынған жан үшін туған жердің топырағының бұйыруынан артық бақ жоқтығын көрсеткендей.

Қазақ халқында «көк бөрі» архетиптік образы фольклорлық шығармалардан бастау алып, қазіргі қазақ әдебиетінде де өз жалғасын тапқан. Бұған дәлел «Алпамыс батыр» жырындағы Алпамыстың әкесінің есімі Байбөрі болса, Қобыландының жарының есімі ақылына көркі сай Құртқа ару, Ғұндар мемлекетінің ыдырап, Түркі қағанатың құрылуы туралы көне «Ергенекон» эпосында «Уа, қасиетті Көк Бөрі ананың ержүрек оғандары мен әулеті» деп келетін үзінділер, түркі халықтарына ортақ әдеби мұрамыз «Оғызнамеде» «Ұранымыз Көк бөрі!» тіркесінің болуы, «Қорқыт ата кітабында» да бөрі атауы жиі кездеседі. Одан бергі дәуірлерде «Бөрілі байрақ көтерген» Сүйінбай жырлары мен XX ғасыр басында төл әдебиетіміздің классикасы болып кеткен М. Әуезовтің «Көксерегі», қазіргі қазақ әдебиетінде М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, З. Тұрсынханұлы, Ж. Қорғасбай, А. Алтай, Д. Рамазан сияқты қаламгерлеріміздің шығармаларына «көк бөрі» тотемі арқау болды. Аталған шығармалардың барлығынан бөрі архетипінің инварианттылық ерекшелігін байқауға болады. Көне мифтерден бастап қазіргі әдебиет үлгілерінің барлығында бөрі культінің «өзегі» архетип образ ретінде сақталған.

Қазақ және шетел әдебиетіндегі «бөрі» архетипіне қатысты шығармаларды қарастырар болсақ, И. Ноғмановтың «Кек», Ш. Айтматовтың «Жан пид», М. Әуезовтің «Көксерек», Д. Рамазан «Көк бөрі» шығармаларының сюжеттік оқиғаларында табиғат пен адам арасындағы қақтығыс, тепе-теңдіктің бұзылуы сияқты идеяларының үндес екенін байқауға болады. Бөрі фольклорлық архетип образ негізінде халқымыздың мифтік танымы жатыр. Автордың көркем ойлау концепциясын ұтымды жеткізуде тотемдік ұғымдар арқылы бейсаналы түрде мифтік «бөрі» архетипіне жүгінуі, этностың мәдени-менталдық болмысын ашу, яғни қаламгер архетип қабаттарды «базис» ретінде алып, шығармада өзінше дамытады.

Автор ұлы ана архетипі ретінде бөріні алу себебі, бөрі — көшпелі қазақ халқының тотемі, әр қазақтың бойында бөрінің қан бар деген түсінікке сай жаны, рухы бөрі тектес еркін, азат халық екенін көрсетеді.

Қорытынды

Кез келген көркем шығарманың астарында архетип образдар мен мифтік мотивтер негізінде астарлы түйін, оқырманға айтар ойы жатады. Автор шығарма арқауына бас кейіпкердің жол көрсетушісі, қорғаушысы, демеушісі ретінде бөрі ананы алу себебі көшпенділердің ұжымдық бейсанасында бөрі тотемі еркіндік, рух, жанды бейнелеген. Шығармада сол еркіндікті аңсаған қазақ жастарының басынан кешкен ауыр тағдырын Байбура арқылы жеткізеді. Өзінің тегіндегі еркіндігі мен ұлттық рухынан ажырап, дәрменсіз күйге түскен кейіпкерді жебеуші ұлы ана бөрі архетипі. Романда көшпенді қазақ дүниетанымында сақталған априорлы еркіндік идеясы бөрі архетипі арқылы берілген. Себебі әрбір ұлттық архетип образдарда ұжымды бейсаналық негізінде сол этностың тағдыры, тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі барлығы сақталған.

Төл әдебиетте «бөрі» тотемі арқылы қаламгерлер ұлттық рух архетипінің моделін көрсетеді. Қазақ халқының ұлттық рух архетипі «көк бөрі» тотемі арқылы бейнеленген, яғни көк бөрі ата-бабамыздан келе жатқан «мәдени канон» ретінде санамызда сақталып қалған архетип болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кононенко Б.И. Культурология в терминах, понятиях, именах / Б.И. Кононенко. — М.: Щит-М., 1999. — 406 с.
- 2 Юнг К.Г. Психоанализ и искусство / К.Г. Юнг, Э. Нойманн. — Москва: Ваклер, 1996. — 304 с.

- 3 Duman M. Guide in Turkish folk narratives from gray bori to hizir / M. Duman // Milli Folklor. — 2012. — Vol. 12. — No. 96. — P. 190–201. [Electronic resource]. — Retrieved from: <https://www.scopus.com/pages/publications/84877655937> (Date of receipt: 21.05.2025).
- 4 Wheelwright B.C. A storytelling of ravens / B.C. Wheelwright // Jung Journal: Culture and Psyche. — 2013. — Vol. 77. — P. 4–187. [Electronic resource] — Retrieved from: <https://www.scopus.com/pages/publications/84876013878> (Date of receipt: 21.05.2025).
- 5 Уәлиханов Ш. Зерттеулер, ғылыми жазбалар, хаттар / Ш. Уәлиханов. — Алматы: Рауан, 2014. — 560 б.
- 6 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы / С. Қондыбай. — Алматы: Дайк-Пресс, 2004. — Т. 4. — 502 б.
- 7 Балтабаева Г.С. Көне түркі көк бөрі тотемі және қазіргі қазақ әңгімесі / Г.С. Балтабаева // Түркология. — 2010. № 49–50. — Б. 50–55. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2984211 (Алынған күні: 21.05.2025).
- 8 Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық 1960–2002 / М. Мағауин. — Алматы: Қағанат, 2002. — Т. 7. — 454 б.
- 9 Ахмади Ж. Жүрек қартайса, ажал аңду салады / Ж. Ахмади. — Алматы: Қайнар, 2000. — 192 б.
- 10 Алтай А. Туажат [Электрондық ресурс] / А. Алтай. — Кіру режимі: <https://abai.kz/post/47398>. (Алынған күні: 03.04.2025).
- 11 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы / Ш. Мұртаза. — Алматы: Қазығұрт, 2002. — Т. 5. — 456 б.
- 12 Радин П. Трикстер: исследование мифов североамериканских индейцев с комментариями К.Г. Юнга и К. Кереньи / П. Радин. — Санкт-Петербург: Евразия, 1998. — 286 с.
- 13 Кляшторный С.Г. Степные империи Древней Евразии / С.Г. Кляшторный, Д.С. Савинов. — СПб: Филологический факультет С.-Петербур. Гос.ун-та, 2005. — 345 с.
- 14 Нойманн Э. Великая мать / Э. Нойманн; пер с англ. — Москва: Добросвет, 2012. — 352 с.
- 15 Юнг К.Г. Душа и миф: шесть архетипов / К.Г. Юнг; пер с англ. — Киев: Порт-Рояль, 1996. — 384 с.
- 16 Эстес К.П. Бегущая с волками: женский архетип в мифах и сказаниях / К.П. Эстес; пер. с англ. — Москва: София, 2008. — 653 с.
- 17 Воглер К. Путешествие писателя. Мифологические структуры в литературе и кино / К. Воглер. — Москва: Альпина нон-фикшн, 2015. — 510 с.

Л.М. Демесинова, Е.Б. Сұлтан

Трансформация архетипа бори в современной казахской прозе

В условиях глобализации актуальным направлением научных исследований становится психоаналитический анализ национальных этнокультурных архетипов, обращение к авторской концепции и коллективному бессознательному в художественном творчестве, а также изучение проблемы сохранения национальной идентичности с позиций архетипической литературной критики. В ходе работы произведено сопоставление художественных текстов казахской и мировой литературы, содержащих тотемные представления, относящиеся к этнокультурным архетипам, с целью выявления трансформации образа архетипа бори (волка) через его соотнесение с тотемными мотивами мировой мифологии. Для теоретического обоснования исследования были проанализированы труды отечественных и зарубежных учёных, посвящённые архетипам и тотемам, в частности — тотему бори, его цветовой, визуальной и символической репрезентации. Эмпирическую базу составили произведения казахской прозы периода Независимости, а также классические тексты мировой литературы. Образ архетипа бори рассматривается через призму архетипической литературной критики с опорой на мифологические и фольклорные тексты, художественные произведения, а также национальные верования и представления. Особое внимание уделено реконструкции и возрождению образа бори в современном литературном процессе как мифологического архетипа. Методологической основой исследования стали теоретические концепции К.Г. Юнга, П. Радина, Э. Нойманна, К. Воглера, К. Эстес, использованные для сопоставительного анализа казахского фольклора и мировой мифологии. Проанализированы образы бори в произведениях М. Мағауина, Ш. Муртазы, А. Алтая, а также в зарубежной литературе. В статье применены методы архетипической литературной критики и психоаналитической интерпретации для выявления причин обращения к архетипу бори в авторской концепции. Архетип бори представлен как тотемный символ, воплощающий архетипы души, духа и Великой Матери в казахской литературе, а также различные типы архетипов в мировой литературе. Особо выделены его воплощения как тотема, магической силы, хтонического существа и трикстера в древних мифологиях, их сходства и различия с современными художественными образами. В результате установлено, что архетип волка выступает в культуре кочевого казахского народа как устойчивый «культурный канон», закреплённый в коллективном бессознательном.

Ключевые слова: архетип, мифология, этнокультурный архетип, бори, коллективное бессознательное, тотем, литературный архетип.

L.M. Demessinova, E.B. Sultan

Transformation of the bori archetype in modern Kazakh prose

In the context of globalization, psychoanalytic analysis of national ethno-cultural archetypes is becoming a relevant area of scientific research. This includes an appeal to the author's concept and the collective unconscious in artistic creation, as well as the study of the problem of preserving national identity from the perspective of archetypal literary criticism. In the course of the study, a comparison was made between literary texts from Kazakh and world literature that contain totemic representations related to ethno-cultural archetypes, with the aim of identifying the transformation of the image of the bori (wolf) archetype through its correlation with totemic motifs of world mythology. For the theoretical foundation of the study, works by both domestic and foreign scholars dedicated to archetypes and totems were analyzed, in particular the totem of the bori, including its color, visual, and symbolic representations. The empirical base consisted of works of Kazakh prose from the Independence period, as well as classic texts of world literature. The image of the bori archetype is examined through the lens of archetypal literary criticism, relying on mythological and folklore texts, artistic works, as well as national beliefs and representations. The research reveals new academic insights by examining the re-emergence and reconstruction of the bori archetype in creative writing as a continuation of mythological traditions. Theoretical concepts from scholars such as C.G. Jung, P. Radin, E. Neumann, C. Vogler, and C. Estés formed the methodological foundation for comparing Kazakh folklore with global mythology. The images of the bori in the works of M. Magauin, Sh. Murtaza, A. Altay, as well as in foreign literature, were analyzed. The article employs methods of archetypal literary criticism and psychoanalytic interpretation to identify the reasons for the appeal to the bori archetype in the author's concept. The bori archetype is presented as a totemic symbol embodying the archetypes of the soul, spirit, and Great Mother in Kazakh literature, as well as various types of archetypes in world literature. Special attention is given to its manifestations as a totem, a magical force, a chthonic being, and a trickster in ancient mythologies, highlighting their similarities and differences with contemporary artistic images. As a result, it is established that the wolf archetype functions in the culture of the nomadic Kazakh people as a stable "cultural canon" anchored in the collective unconscious.

Keywords: archetype, mythology, ethnocultural archetype, bori, collective unconscious, totem, literary archetype.

Reference

- 1 Kononenko, B.I. (1999). *Kulturologiia v terminakh, poniatiiakh, imenakh* [Culturology in terms, concepts, names]. Moscow: Shchit-M [in Russian].
- 2 Jung, C.G., & Neumann, E. (1996). *Psikhoanaliz i iskusstvo* [Psychoanalysis and art]. Moscow: Vakler [in Russian].
- 3 Duman, M. (2012). Guide in Turkish folk narratives from gray bori to hizir. *Milli Folklor*, 12 (96), 190–201. Retrieved from <https://www.scopus.com/pages/publications/84877655937> (Accessed: 21.05.2025).
- 4 Wheelwright, B.C. (2013). A storytelling of ravens. *Jung Journal: Culture and Psyche*, 77, 4–187. Retrieved from <https://www.scopus.com/pages/publications/84876013878> (Accessed: 21.05.2025).
- 5 Ualikhanov, Sh. (2014). *Zertteuler, ğilymi zhazbalar, khattar* [Research, scientific papers, and letters]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 6 Kondybai, S. (2004). *Argiqazaq mifologiası* [Ancient Kazakh mythology]. Vol. 4. Almaty: Dike-Press [in Kazakh].
- 7 Baltabeyeva, G.S. (2010). Kone türki kok bori totemi zhâne qazirgi qazaq angimesi [The Ancient Turkic Gray Bori Totem and the Modern Kazakh Narrative]. *Tiurkologiya — Turkology*, 49–50, 50–55. Retrieved from <chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2984211> (Accessed: 21.05.2025) [in Kazakh].
- 8 Magauin, M. (2002). *Shygarmalar zhinagy: On ush tomdyq 1960–2002* [Collection of works: Thirteen volumes 1960–2002]. Vol. 7. Almaty: Kaganat [in Kazakh].
- 9 Akhmedi, Zh. (2000). *Zhurek qartaisa, azhal andu salady* [When the Heart Grows Old, Death Follows]. Almaty: Kainar [in Kazakh].
- 10 Altay, A. (2016). Tuazhat [Outcast]. Retrieved from <https://abai.kz/post/47398>. (Accessed: 03.04.2025) [in Kazakh].
- 11 Murtaza, Sh. (2002). *Alty tomdyq shygarmalar zhinagy* [Collection of works in six volumes]. Vol. 5. Almaty: Kazygurt [in Kazakh].

- 12 Radin, P. (1998). *Trikster: issledovanie mifov severoamerikanskikh indeitsev s kommentariiami K.G. Yunga i K. Kereni* [Trickster: A study of the myths of the North American Indians with comments by C.G. Jung and K. Kerenyi]. Saint Petersburg: Eurasia [in Russian].
- 13 Klyashtornyi, S.G., & Savinov, D.S. (2005). *Stepnye imperii Drevney Evrazii* [Steppe Empires of Ancient Eurasia]. Saint Petersburg: Faculty of Philology, Saint Petersburg State University [in Russian].
- 14 Neumann, E. (2012). *Velikaia mat* [The Great Mother]. Moscow: Dobrosvet [in Russian].
- 15 Jung, C.G. (1996). *Dusha i mif: shest arkhетipov* [Soul and Myth: Six Archetypes]. Kiev: Port Royal [in Russian].
- 16 Estes, C.P. (2008). *Begushchaia s volkami: zhenskii arkhетip v mifakh i skazaniiaakh* [Running with wolves: the female archetype in myths and legends]. Moscow: Sofia [in Russian].
- 17 Vogler, Ch. (2015). *The Writer's Journey: Mythological Structures in Literature and Cinema*. Moscow: Alpina Non-Fiction, 510 p.

Information about the authors

Demessinova Lyailya — PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Research Institute Abay Academies, Head of the Department for Coordination of International Projects, Astana, Kazakhstan; e-mail: lmdemessin@gmail.com; ORCID: 0000-0002-2414-7360, Scopus ID: 58242361100

Sultan Esbol Bolatovich — Doctoral student, Teacher of the Eurasian Humanitarian Institute named after A.K. Kusainov, Astana, Kazakhstan; e-mail: sultan_esbol@mail.ru; ORCID: 0000-0001-9890-7169

Букеетов Университеті